

**«Торайғыров университеті» КЕАҚ «Философия және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасының профессоры,
саяси ғылымдар кандидаты Қалиев Ильдар Абужанұлының пікірі**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	«Қазақстан Республикасында әлеуметтік қақтығыстардың алдын алу және басқару контекстінде мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттерін жетілдіру» тақырыбындағы диссертация – мемлекеттік басқару, әлеуметтік тұрақтылық, кәсіби құзыреттер және әлеуметтік қақтығыстарды басқару бағыттарындағы өзекті мәселелерді кешенді түрде қарастыратын зерттеу. Н. Қарағойшина Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет жүйесі мен әлеуметтік шиеленістердің өзара байланысын ғылыми тұрғыда зерделеп, заманауи талаптарға жауап беретін нақты ұсыныстар әзірлеген. Зерттеу барысында теориялық-әдіснамалық негіздер мен қолданбалы механизмдер өзара ұштастырылып, ғылыми жаңалық пен практикалық маңыздылықтың жоғары деңгейі қамтамасыз етілген. Диссертациялық жұмыс мазмұны Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың бағыттарына толық сәйкес келеді. Аталған зерттеу «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы және Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі сияқты негізгі нормативтік-құқықтық құжаттарға сүйене отырып, мемлекеттік басқарудағы әлеуметтік шиеленістердің алдын алудағы қолданбалы механизмдерді ғылыми тұрғыдан негіздейді. Автор ұсынған тұжырымдар мен құзырет моделі қоғамдағы әлеуметтік шиеленістердің алдын алу мен тиімді шешу жолдарын ұсынып, басқарушылық шешімдер қабылдау мәдениетін жетілдіруге бағытталған. Зерттеуде ерекше назар аударылған екі маңызды жағдай – Жаңаөзен (2011) және Ақтөбе (2016) оқиғалары – ғылыми талдаудың тәжірибелік базасын құрайды. 2011 жылғы Жаңаөзендегі әлеуметтік-еңбек дауы – құқықтық, ұйымдастырушылық және коммуникациялық кемшіліктердің салдарынан ушыққан жағдай ретінде қарастырылып, зерттеуде бұл оқиға

			әлеуметтік әділеттілік пен азаматтық қатысу проблемасы тұрғысынан талданады. Автор бұл жағдайға байланысты мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік сезімталдығы мен медиативтік қабілеттерін дамыту қажеттігін ғылыми негіздейді. 2016 жылғы Ақтөбе қаласындағы экстремистік сипаттағы оқиға – мемлекеттік қауіпсіздік пен әлеуметтік тұрақтылыққа тікелей қауіп төндіретін фактор ретінде алынған. Бұл кейсте зерттеуші мемлекеттік құрылымдардың үйлесімді іс-қимыл алгоритмін, халықпен тиімді коммуникация орнату жолдарын, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің радикалдану қатерін ерте тану қабілеттерін жетілдіру керектігін нақты көрсеткен. Ақтөбе кейсі – кәсіби құзыреттерді жетілдірудің өмірлік маңызы бар екеніне дәлел. Аталған кейстер мен зерттеу нәтижелері диссертацияны стратегиялық басқару, кадр саясаты, мемлекеттік қызмет тиімділігі, әлеуметтік қақтығыстарды ерте анықтау және алдын алу механизмдері бойынша еліміздегі ғылымды дамытудың басым бағыттарының бірі ретінде бағалауға толық негіз береді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. жақсы	Зерттеу жұмысы мемлекеттік басқару ғылымы мен конфликтологияның түйіскен тұсында орналасып, әлеуметтік қақтығыстарды алдын алу және басқару мәселесін кәсіби құзыреттер контекстінде қарастыруы арқылы жаңа ғылыми көзқарас қалыптастырады. Автор ұсынған «МҚ ӘҚБҚМ» – яғни, мемлекеттік қызметшінің әлеуметтік қақтығыстарды басқару құзыреттері моделі – отандық ғылымда алғаш рет құрылып, тәжірибеде апробациядан өткен инновациялық құрылым ретінде бағаланады. Зерттеудің теориялық маңызы – әлеуметтік қақтығыстарды басқарудағы құзыреттердің рөлін ғылыми негіздеп, басқару психологиясы мен әкімшілік этика саласындағы білім қорын толықтыруында. Автор түрлі теориялық парадигмаларға сүйене отырып, қақтығыс табиғатын, оның әлеуметтік құрылымдағы орнын және мемлекеттік қызметтегі көрінісін нақтылай түседі. Сонымен қатар еңбек даулары мен экстремистік сипаттағы қақтығыстарды талдау арқылы қазіргі Қазақстан үшін өзекті саналатын феномендерді ғылыми айналымға енгізген. Практикалық маңыздылығы – ұсынылған

			құзыреттер моделі мен әдістемелік құралдар негізінде мемлекеттік қызметшілерді оқыту, бағалау және іріктеу жүйесіне нақты шешімдер ұсынуында. Аймақтарда (Жаңаөзен, Ақтөбе) жүргізілген эмпирикалық зерттеу нәтижелері, нақты кейстер мен құқықтық актілерге негізделген талдаулар жұмыстың қолданбалы құнын арттыра түседі. Зерттеу нәтижелері ҚР Бас прокуратурасының Құқық қорғау академиясында, сот жүйесінде апробациядан өтіп, оқыту бағдарламаларына енгізілгені көрсетілген. Бұл диссертациялық жұмыстың басқару ғылымының өзекті бағытына жаңаша серпін беріп, әлеуметтік тұрақтылық пен тиімді мемлекеттік қызметке қол жеткізу жолындағы ғылыми әрі практикалық үлес ретінде қарауға негіз береді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертация құрылымы, ғылыми аппараты және тілдік стилі жоғары, автордың тәжірибелік пайымы негізінде жазылғаны айқын көрінеді. Зерттеу барысында қолданылған әдістер, тұжырымдар мен эмпирикалық материалдар – сараптамалық талдау мен ғылыми ізденістің нәтижесі.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеудің өзектілігі нақты әрі дәлелді негізделген. Әлеуметтік шиеленістер мен қақтығыстардың мемлекеттік тұрақтылыққа қауіп төндіретіні, әсіресе радикалдану мен экстремистік сипаттағы оқиғалар тұрғысынан, ғылыми және тәжірибелік тұрғыда кең көлемде дәлелденген. Автор Жаңаөзен және Ақтөбе кейстерін пайдалана отырып, бұл мәселенің басқару саласындағы маңызын жан-жақты ашады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Барлық бөлімдер мен зерттеу бағыты тақырыпқа толық сәйкес келеді. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттері әлеуметтік қақтығыстардың алдын алу мен басқарудағы негізгі фактор ретінде қарастырылып, тақырыптың мазмұны нақты ашылған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді;	Диссертацияның мақсаты – мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттерін жетілдіру арқылы әлеуметтік қақтығыстарды тиімді басқару механизмдерін ұсыну. Бұл мақсат пен қойылған міндеттер диссертация тақырыбымен толық үндес және логикалық тұрғыда өзара үйлесімді.

		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан ; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Бөлімдердің арасында логикалық жүйелілік пен мазмұндық тұтастық сақталған. Теориялық негіздемеден бастап эмпирикалық талдаулар мен ұсыныстарға дейінгі барлық тараулар өзара сабақтасқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденін, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар ; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Жаңа ұсынылған «Қақтығыстарды басқару құзыреттері» шеңбері мен рөлдік модель нақты эмпирикалық зерттеу арқылы негізделген. Автор бұрынғы тәсілдермен салыстырып, олардың кемшіліктері мен шектеулерін көрсетін, балама жолдар ұсынған. Сыни көзқарас пен теориялық-практикалық салыстыру нақты көрініс тапқан.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа) ; 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда ұсынылған ғылыми нәтижелердің бір бөлігі бұрынғы зерттеулермен сабақтас болғанымен, автор ұсынған тұжырымдар, атап айтқанда «Қақтығыстарды басқару құзыреттері» шеңбері, әлеуметтік қақтығыстарды мемлекеттік қызмет жүйесінде басқарудың жаңа әдістемелік негізі ретінде бағалануы мүмкін. Сонымен қатар құзыреттерді жіктеу, оларды кәсіби тәжірибеге бейімдеу және эмпирикалық тексерістен өткізу аспектілері ішінара жаңалық ретінде тануға негіз болады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа) ; 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Қорытындылардың басым бөлігі автордың дербес эмпирикалық зерттеулеріне сүйеніп жасалғанымен, кейбір қорытындылар басқару және конфликтология саласындағы бұрыннан белгілі ұстанымдарды жалғастырады. Жаңашылдық, негізінен, мемлекеттік қызметшілердің құзыреттерін әлеуметтік шиеленістерді басқару құралы ретінде жүйелеуінде көрініс тапқан. Бұл – бұрын назардан тыс қалып келген мәселелердің бірі, сондықтан қорытындылар ішінара жаңа деп бағаланады.

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеуде ұсынылған басқарушылық шешімдер – мемлекеттік қызметшілердің құзыреттер моделін енгізу, кәсіби даму картасын әзірлеу және AI-агент арқылы оқыту жүйесін қолдану – толығымен жаңа ғылыми және тәжірибелік бағыт ретінде бағаланады. Бұл тәсілдер алғаш рет мемлекеттік қызмет контексінде кешенді түрде біріктіріліп, әлеуметтік қақтығыстарды басқаруға бағытталған авторлық инновациялық жүйе ретінде ұсынылған. Жаңа шешімдер мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттырумен қатар, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің заманауи басқарушылық моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Автор сапалық (qualitative research) зерттеу әдістерін тиімді қолдана отырып, мемлекеттік қызметшілердің құзыреттеріне қатысты кешенді мәліметтер жинаған. Зерттеу аясында әлеуметтік сауалнама, фокус-топ, құжаттарды талдау және кейс-зерттеулер жүргізілген. Бұл әдістер гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарға тән талаптарға сай келіп, алынған нәтижелердің сенімділігі мен мазмұндық тереңдігін қамтамасыз етеді. Қорытындыларда Жаңаөзен және Ақтөбе жағдайларына қатысты нақты деректер мен мемлекеттік құрылымдардан алынған тәжірибелерге сүйене отырып, ғылыми тұжырымдар жасалған, теориялық материалдарды ұлттық контексте ұштастырып, әлеуметтік қақтығыстарды басқарудағы нақты факторларды ашып көрсеткен. Бұл ғылыми дәлелдер мен қорытындылардың негізділігін айғақтайды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін	Жалпы алғанда, диссертацияда қорғауға шығарылған бес тұжырымда нақты ғылыми негізге, эмпирикалық деректерге және заманауи басқару тәжірибесіне сүйене отырып ұсынылған. Бірінші тұжырымда әлеуметтік қақтығыстардың мәні мен түрлері жүйеленіп, мемлекеттік басқарудағы орны айқындалған. Екінші тұжырымда халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, мемлекеттік қызметшілердің тұлғалық және кәсіби қасиеттері әлеуметтік тұрақтылық факторы ретінде негізделген. Үшінші тұжырымда кәсіби құзыреттердің қалыптасуына әсер ететін ішкі және сыртқы факторлар анықталып, эмпи-

		емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең. 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	рикалық түрде дәлелденген. Төртінші тұжырымда еңбек және экстремистік сипаттағы қақтығыстар талдана отырып, «Қақтығыстарды басқару құзыреттері» шеңбері ұсынылған. Бесінші тұжырымда шешім қабылдау, эмоционалдық тұрақтылық, келіссөз жүргізу сынды дағдыларды біріктіретін құзыреттер моделі жасалған. Автордың ғылыми тұжырымдары жүйелі, өзара байланысты және практикалық маңыздылығы жоғары. Әсіресе, қақтығыстарды басқаруға қажетті кәсіби құзыреттерді құрылымдау және оны оқыту үдерісіне енгізу жөніндегі ұсыныстар – зерттеудің қолданбалы сипатын арттыра түседі. Сондықтан да қорғауға ұсынылған ережелердің әрқайсысы дәлелді, өзектілігі жоғары, ішінара жаңалық сипатында, әрі мемлекеттік қызмет жүйесіне енгізуге әлеуетті деп бағалауға болады.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Әдіснама нақты жазылған. Диссертацияда таңдалған әдіснама нақты және дәйекті сипатталған. Автор сапалық (qualitative) зерттеу әдістерін қолдана отырып, әлеуметтік сауалнама, фокус-топ, сараптамалық талдау, контент-талдау, кейс-зерттеу сияқты құралдарды негіздеген. Әдіснамалық негіздеме зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді.

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Зерттеу барысында сандық және сапалық деректерді талдау үшін қазіргі заманғы әдістер қолданылған. Регрессиялық талдау жүргізу арқылы кәсіби құзыреттердің әлеуметтік қақтығыстарды басқару тиімділігіне әсері бағаланған. Сонымен қатар сапалық деректерді құрылымдау және кодтау мақсатында ATLAS.ti бағдарламасы пайдаланылған. Бұл әдістер авторға деректерді жүйелі түрде өңдеп, оларды ғылыми интерпретациялауға мүмкіндік берген. Қолданылған тәсілдер қазіргі әлеуметтік және басқарушылық зерттеулердің әдіснамалық талаптарына толық сәйкес келеді.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Құзыреттер моделі мен ҚБҚ шеңбері нақты эмпирикалық деректер негізінде құрылған. 963 респонденттен алынған сауалнама, аймақтық кейстер және оқыту жүйесіндегі апробациялар нәтижесінде жасалған тұжырымдар тәжірибемен дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Зерттеуде халықаралық және отандық әдебиеттер, нормативтік-құқықтық актілер, стратегиялық құжаттар, сондай-ақ ғылыми мақалалар кеңінен пайдаланылған. Сілтемелер ғылыми әдебиеттерді қамтыған және тұжырымдардың дәлдігіне негіз болған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Жұмыста 175-тен астам әдеби және нормативтік дереккөз қолданылған, оның ішінде 60-тан астамы шетелдік басылымдар. Бұл зерттеудің ғылыми өрісін кеңейтіп, талдаудың дәйектілігін қамтамасыз еткен.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Зерттеу жұмысы әлеуметтік қақтығыстарды басқару және мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттері ұғымдарын жаңа мазмұнмен толықтырып, басқару және конфликтология ғылымдарының түйісінде теориялық үлес қосты. Әсіресе, әлеуметтік қақтығыстарды

			мемлекеттік басқару тұрғысынан қарау және құзыреттер шеңберін теориялық негізде қарастыру диссертацияның теориялық маңызын арттырады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Зерттеу нәтижелері мемлекеттік қызмет жүйесінде қақтығыстарды басқаруға бағытталған оқыту бағдарламалары, кадрлық бағалау құралдары, әдістемелік ұсынымдар арқылы нақты қолданыс таба алады. Автор ұсынған құзыреттер моделі Жаңаөзен және Ақтөбе қалаларында сынақтан өткізілгені көрсетілген. Сонымен қатар ұсыныстар мемлекеттік қызметті реформалау стратегияларымен үндес.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар атап айтқанда, қақтығыстарды басқару құзыреттерінің шеңбері, көмекші құралдар (мысалы, AI-агент элементтері) қолданудың тиімділігі отандық тәжірибеде алғаш ұсынылған. Жалпы ұсыныстар ішінара жаңа, бірақ құрылымы мен жүйелілігі жағынан жаңашылдық сипатта.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс ғылыми стиль талаптарына толық сәйкес рәсімделген. Тақырып пен мазмұн үйлесімді, құрылымы логикалық, бөлімдер арасындағы байланыс сақталған. Терминология бірізді, автор ұғымдарды нақты және анық қолданған. Ғылыми тілде жазылған тұжырымдар дәйекті дереккөздермен негізделген және сілтемелер жүйелі рәсімделген. Автордың академиялық жазу машығы жоғары деңгейде: тілдік дәлдік, логикалық реттілік пен стилдік тұтастық жұмыстың ғылыми сапасын арттырып тұр.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыста Ақтөбе қаласындағы экстремистік сипаттағы әлеуметтік қақтығыстың табиғаты мен басқару тәсілдері мазмұнды сипатталған. Алайда, егер осы кейспен ұқсас халықаралық тәжірибелермен (мысалы, ТМД немесе Батыс Еуропа елдеріндегі мемлекеттік органдардың әрекеттерімен) қысқаша салыстыру берілсе, автордың ұстанымдары мен ұсыныстары кеңірек контексте қарастырылып, зерттеудің қолданбалы салмағы арта түсер еді. Экстремистік сипаттағы қақтығыстардың талдауын өңірлік немесе халықаралық тәжірибемен салыстыру арқылы кеңейту ұсынылады. Бұл ғылыми нәтижеге әсер етпейтін, тек талдауды тереңдете түсетін болашақ бағыт ретінде бағаланады.

			Тағы бір назар аударған мәселе, әлеуметтік-еңбек дауларының себептері мен оларды басқаруда қолданылған тәсілдерге қатысты шолу кеңейтілсе, жұмыс құрылымдық жағынан толықтырыла түсер еді. Нұргүл Ерболатқызы еңбек дауларына байланысты нақты жағдайларды сипаттағанымен, олардың құрылымдық, институционалдық себептеріне (мысалы, еңбек нарығындағы теңсіздік, коммуникациялық үзілістер, ұжымдық келіссөз механизмдерінің әлсіздігі) қысқаша талдау жасалған. Егер бұл себептер бір жүйеге келтіріліп, оларды шешудегі басқарушылық тәсілдермен байланысы нақтырақ көрсетілсе, ұсыныстар бөлімі мазмұн жағынан байи түсер еді. Бұл – жалпы зерттеу сапасына әсер етпейтін, бірақ мазмұнды тереңдетуге бағытталған ескерту. Сонымен бірге жұмыста отандық және ресми құжаттарға сүйене отырып, әдебиетке жақсы шолу жасалған. Дегенмен, экстремизм мен радикализацияны алдын алу, мемлекеттік басқарудағы құзыреттерді дамыту салаларындағы соңғы халықаралық ғылыми еңбектер (мысалы, халықаралық журналдардағы жаңа зерттеулер) қосылған жағдайда, жұмыстың ғылыми ауқымы кеңірек ашылар еді. Бұл талап етілмейді, бірақ болашақ зерттеу бағытына пайдалы болар еді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді).		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес).		Жоғарыда аталғандардың негізінде, Қарағойшина Нұргүл Ерболатқызының «Қазақстан Республикасында әлеуметтік қақтығыстардың алдын алу және басқару контекстінде мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттерін жетілдіру» тақырыбындағы докторлық диссертациясы Дәрежелерді беру қағидаларында

		көрсетілген талаптарға сай келеді және 8D04113 – «Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы бойынша экономика докторы дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.
--	--	--

Рецензент:

КЕАҚ «Торайғыров университеті»
Философия және әлеуметтік ғылымдар
кафедрасының профессоры
саяси ғылымдар кандидаты



И. Қалиев

«Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

И.А. Қалиевтің қолын растаймын

подпись _____ заверяю

ИР-қызметі _____

Некоммерческое акционерное общество «Торайғыров университет»